



БҰЙРЫҚ

14.01.2022 ж.

Явленка ауылы

ПРИКАЗ

№ 23 – Ж.Қ.

село Явленка

**Ауданның білім беру ұйымдарында
сапалы теңдестірілген тамақтанумен оқушыларды
қамтамасыз ету туралы**

Қазақстан Республикасының «Құқықтық актілер туралы» Заңының 65 бабына сәйкес, 2021 – 2023 жылдарға сапалы теңдестірілген тамақтанумен оқушыларды қамтамасыз ету бойынша Жол картасын іске асыру мақсатында және «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2022 жылдың 13 қаңтардағы № 6 бұйрығы негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Ауданның білім беру мектептері оқушыларының жеке санаттары үшін бірыңғай ас мәзірі № 1 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Білім беру ұйымдарында сапалы тамақтануды бақылау бойынша ведомствоаралық эксперттік топ № 2 қосымшаға сәйкес құрылсын.

3. Білім беру ұйымдарында сапалы тамақтануды бақылау бойынша ведомствоаралық эксперттік топтың шығу кестесі № 3 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

4. «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Есіл ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің есепшілігі (А.Қ. Қуат) осы Ереженің 80-тармағына сәйкес азық-түлік өнімдерін жеткізу бойынша қызмет көрсететін жеткізушілермен шарт 2022 жылға ұзартылсын.

5. «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Есіл ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің есепшілігі (М.Ж. Елеукина) осы бұйрықты ауданның барлық білім беру ұйымдарына жеткізсін және білім беру сайтында орналастырсын.

6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Есіл ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің әдіскері М.Ж. Елеукинаға, М.И. Мұсопироваға жүктелсін.

Басшы



Г. Дауытбаева